Шығ. № 110

күні 21.08.2024 ж

«Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңының (бұдан әрі - заң) 41 – бабының 4 – тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И түсіндірме-хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **«2024 жылы мемлекеттік сатып алуды нормативтік-құқықтық реттеудегі өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерін басқарудағы, нормалаудағы және жоспарлаудағы жаңартулар. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер.»** тақырыбында семинар/форум/конференцияға қатысу үшін ақы төлеу бойынша Мемлекеттік сатып алуды, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау мақсатында, олардың рәсімдерінің ұзақтығына, сондай-ақ іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігіне байланысты бәсекелес тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты ҚҚС-сыз, жалпы сомасы (68890) теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39 – бабы 3-тармағының 45-тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Басшы _____